



ЖАҢА, 2025 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№104
(2275)
Сейсенбі
31 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ!

Құрметті жерлестер!
Сіздерді келіп жеткен жаңа,
2025 жылмен шын жүректен
құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткен жылға көз
жүгіртіп, таразылайтын, жаңа ба-
стамалар мен ізденістерге тың
қадам жасайтын, жақсылыққа
ұмтылатын, жаңаша ойларға
жол сілтейтін ерекше мереке.

Өткен ұлу жылы халқымыз
үшін шын мәнінде бірлік пен
берекенің, жаңа жетістіктер мен
мүмкіндіктердің кезеңі болды.

Мемлекет басшысы Қасым-
Жомарт Кемелұлының Сыр
өңіріне айрықша қолдауының
арқасында бүгінгі күні облысы-
мыз қарқынды даму үстінде.
Бұл жыл облысымыз бен қатар

қасиетті Қазалы ауданы үшін
де жаңа жетістіктер мен толай-
ым табыстың кезеңі болды деп
айтуға болады.

Аудан экономикасының
барлық саласында тұрақты өсім
қалыптасып, даму көрсеткіштері
ілгеріледі. Сондай-ақ ауданы-
мызда айтулы істер, жарқын жо-
балар жүзеге асты.

Сыр өңірінде аймақ
басшысының бастамасымен
жарияланған «Руханият жылы»
аясында да ауданда ауқымды
мәдени іс-шаралар өткізілді.

Аудан халқы үшін бірқатар ны-
сандар бой көтеріп, пайдалануға
берілді.

Бұл – халқымыздың
ауызбіршілігің, елге жана-

шыр азаматтардың еңбегінің
арқасында жеткен жетістіктер.

Ардақты ағайын!

Халқымызда «Ескі
жыл есіркесін, жаңа жыл
жарылқасын» деген сөз бар.
Өткен жылға өкпе жоқ десек,
келер жылдан күтер үмітіміз де,
тілер тілегіміз де жетерлік.

Жаңа жылда мерейлеріңіз
үстем болып, игі тілектеріңіз
жүзеге асын. Еліміздің ырысы
артып, жемісті жыл болсын!

Жаңа жыл –
шаңырақтарыңызға құт-
берекесін әкелсін!

Ізгі ниетпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек
ШЕРМАҒАНБЕТ



ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Санаулы сәттерден
кейін жаңа жылға қадам
басып, тағы бір жыл тарих
қойнауына енгелі отыр.
2024 жыл – Қазыналы
Қазалы ауданы үшін
берекелі де табысқа толы
жыл болды.

Жылдың қортындысына
байланысты Р.Бағланова
атындағы аудандық
мәдениет орталығында
қортынды шара өтіп, жыл
үздіктері марапат биігінен
көрінді. Салтанатты шараға
облыстық мәслихаттың
төрағасы Мұрат Тлеумбе-
тов арнайы қатысты.

Қортынды шарада ау-
дан әкімі Мейрамбек
Шермағанбет көпшілікті
Жаңа жыл мерекесімен
құттықтап, биылғы
атқарылған жұмыстарға
тоқталды.

Баршаңызды келе
жатқан Жаңа жылмен шын
жүректен құттықтаймын!

2024 жыл Сыр өңірі, оның
ішінде Қазалы ауданы үшін бірлік
пен берекенің, жаңа жетістіктер
мен толайым табыстың кезеңі
болды деп айтуға болады.

Аудан экономикасының
барлық саласында тұрақты өсім
қалыптасып, даму көрсеткіштері
ілгеріледі. Сондай-ақ ауданы-
мызда айтулы істер, жарқын жо-
балар жүзеге асты.

Өткен жылы аудан бюджеті
13,6 млрд. теңгені құраса,
биылғы жылдың 11 айының



қорытындысымен 18,6 млрд.
теңгеге жетіп, аудан бюджеті 40
пайызға жуық өсті.

Президентіміздің, Үкіметтің
және аймақ басшысының
қолдауымен ауданға қарасты
Жанқожа батыр ауылында «Жай-
лы мектеп» ұлттық жобасы ая-
сында 300 орындық мектеп пен
аудан орталығында «Рухани-
ят» орталығы салынуда. Әйтеке
би кентінде 148 отбасыға жаңа
баспана кілті табысталды.
Сондай-ақ «Майдакөл» аулын-
да 100 орындық ауылдық клуб,
Әйтеке би кенті, Бекарыстан

би және Қожабақы ауылдарын-
да 3 спорт кешені құрылысы
мен абаттандыру жұмыстары
жүргізілуде. Мұнымен қоса, ау-
дан орталығындағы аудандық
прокуратура ғимараты мен
«Кәукей» аулында 100 орындық
ауылдық клубтың құрылысы
толықтай аяқталды. Әрине, жыл
көлемінде қол жеткізген бұл
жетістіктеріміздің барлығына
– туған жеріне жанашыр әрбір
азаматтың еселі еңбегінің жемісі
деп білемін, – деді аудан басшы-
сы.

Мерекелік іс-шарада

ауданның әлеуметтік-
экономикалық дамуына
үлес қосып жүрген бірқатар
азаматтар марапат төрінен
көрінді.


Қазалы теміржол тора-
бы ардагерлер кеңесінің
төрағасы Жақсылық
Көрпебаққа ҚР Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің және
«Жылу ХХІ» ЖШС директо-
ры Көпжан Бижановқа ҚР
өнеркәсіп және құрылыс
министрлігінің «Еңбек
ардагері» төсбелгілері та-
бысталды. Сонымен қатар,
ауданның әлеуметтік-
экономикалық дамуына зор
үлес қосқан еңбек ардагері
Алмагүл Қаржаубаеваға
«Қазалы ауданының
Құрметті азаматы» атағы
берілді.

Сондай-ақ шарада әрбір
салада жемісті еңбек ет-
кен жыл үздіктері мара-
патталып, бірқатар азаматтар
Қызылорда облысының «Құрмет
грамотасымен», облыс және ау-
дан әкімінің «Алғыс хатымен» ма-
рапатталды.

Түрлі салада ауданымыздың
дамуына үлес қосқан
азаматтардың, еңбек
адамдарының мерейі тасыған
кеште аудан өнерпаздары
жиылғандарға мерекелік көңіл-
күй сыйлап, салтанатты шараның
көркін кіргізді.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ



XVI сессиясында Қазалы қаласынан сайланған Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты Иман-досов Нұрлан Самұратұлының ұсынысымен Қазалы аграрлы-техникалық колледжі ғимаратын көгілдір отынға қосу мәселесі шешімін тауып, колледж ұжымы көгілдір отынның игілігін көруде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім,

біз қашанда «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» – дейтін халықтың ұрпағымыз. Жылан жылы төрге озып, ұлу жылы тарих қойнауына өткелі тұр. 2024 жыл ауданымыз үшін айтулы жыл болды. Жанқожа батыр бабамыздың 250 жылдығы мен қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері Әйтеке Байбекұлының 380 жылдық мерейтойын тойлады. Ауданымыздың орталығы Әйтеке би кентіндегі көшенің жолдары жөнделіп, жүргіншілер жолы қалпына келтірілді. Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті аралығындағы төрт жолақты жол құрылысы аяқталды. Елді мекендер көгілдір отынға қосылды. Ауданымыздың білім қуған оқушылары республикалық пән олимпиадалары мен байқауларда жеңіс тұғырынан көрініп, ауданымызбен қатар облысымыздың атын шығарса, бапкер Бақытбек Құлбаевтың шәкірті боксшы қыз Гүлсая Ержан Азия чемпионы атанды.

Ал өзім еңбек ететін Қазалы аграрлы – техникалық колледжі үшін де ауыз толтырып айтар жыл болды. Педагогтарымыздың біліктілік санаттары жоғарылап, өндірістік оқыту шеберлеріміз мамандық бойынша республикалық кәсіби шеберлік байқауында «Үздік маман» медальоны мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің дипломдарымен марапатталды. WorldSkills республикалық кәсіби шеберлік чемпионатына қатысқан колледж білім алушылары «Графикалық дизайн» мен «Жеңіл автокөліктерге техникалық қызмет көрсету» құзіреттілігі бойынша «Шеберлігі үшін» медальонын жеңіп алды. 2024 жылдың 27 шілдесінде Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті

қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.» – деді.

Астанада техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшылары мен орынбасарларының қатысуымен өткен «Жұмысшы мамандықтар жылы: техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа векторы» тақырыбындағы республикалық форумына қатысып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлымен жүздестім. Министр техникалық және кәсіптік білім беру саласының дамуы туралы өз көзқарасымен бөлісіп, жұмысшы мамандықтардың ел экономикасын нығайтудағы маңыздылығын атап өтіп, білім беру ұйымдарының бизнес өкілдерімен өзара әрекеттестігін одан әрі дамыту қажеттігін айтты.

2025 жыл техникалық және кәсіптік білім саласына арналған жыл, жұмысшы мамандықтарының әлеуеті артатын жыл болатынына сеніміміз мол.

Жаңа жыл құтты болсын! Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын! Ауданымыз өсіп, өркендей берсін!

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары

АУДАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Жаңа жыл мерекесі қарсаңында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аудандағы бірқатар ардагерлердің шаңырағына барып, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының мерекелік құттықтауы мен арнайы сый-сияпатын табыстады.

Аудан басшысы алдымен Әйтеке би кентінде тұратын сауда саласының ардагері Үржамал Ешжанованың шаңырағына барып, жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Үржамал Әбиқызы 32 жылдан астам уақыт бойы сауда саласында жұмыс істеген. Ауданда азық-түлікті ең төмен бағада сататын дүкен мен ең алғашқы болып көтерме бағамен сауда жасайтын азық-түлік қоймасын ашқан кәсіпкер. Бүгінде 70 жасқа таяған еңбекқор ананың 2 ұлы мен 1 қызынан тараған 16 нөмере, 2 шөбересі бар.

Мұнан кейін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азамат, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбановтың шаңырағына барып, аймақ басшысының құттықтауын табыстады.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жан-жақты саралап, жасы сексеннен асса да өңірде атқарылып жатқан әрбір игі істердің басынан табылып жүретін ақсақал мереке қарсаңындағы аймақ басшысының жіберген арнайы құттықтауы мен құрметіне ерекше ризашылығын жеткізді.

Облыс әкімінің мерекелік құттықтауы білім саласының ардагері Серік Қуанышбаев пен ауданның өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан ардагер Сайын Дәуітов ақсақалға да табысталды.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА 100 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА АУЫЛДЫҚ КЛУБ АШЫЛДЫ

Аймақ басшысының тапсырмасымен облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов Қазалы ауданы, «Кәукей» аулындағы 100 орындық ауылдық клубтың жаңа ғимаратының ашылу рәсіміне қатысты. Салтанатты жиынға зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен ауыл тұрғындары келді.

Мұрат Жолкелдіұлы мереке қарсаңында жаңа нысанның ашылуына жиналған жұртшылықты Жаңа жылмен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының, Үкіметтің Сыр өңірін айрықша қолдауының арқасында даму қарқынымыз жоғары. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық өркендеуінде оң тенденция қалыптасты. Барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы қатардан көріндік. Жыл

бойы серпінді әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму қамтамасыз етілді, мұны макроэкономикалық көрсеткіштеріміз дәлелдейді.

Өздеріңіз білесіздер, биыл «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен «Руханият жылы» жарияланды. Атаулы жылда әлеуметтік нысандар бой көтеріп, ауқымды шаралар атқарылды.

Баршаңызды тағы бірауылклубыңызашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Алдағы Жаңа жылда әрқайсыңыздың шаңырағыңызға құт-береке қонсын!», – деді М.Тілеуімбетов.

Мұнан соң аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз алып, жыл көлемінде ауданда атқарылған нәтижелі жұмыстар мен аудандағы мәдениет саласында атқарылып

жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Сондай-ақ жыл бойы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен, ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарды «Алғыс хатпен» марапаттады.

Жаңа клубта көрермен залынан басқа 11 бөлме бар. Ғимарат сұйық отынмен жылытылады. Мұнда 8 адам жұмыс істейді. Ауыл балалары ән, би, көркемсөз оқу, суретшілер үйірмелеріне қатысады.

Ескі клуб ғимараты 1984 жылы пайдалануға берілген, 2014 жылы апатты жағдайда болып танылған еді.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов бата беріп, қонақтар мен ауыл тұрғындары жаңа мәдени нысанның жұмысымен танысты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі



ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Әр адам жыл он екі айда не тындырдым, жеке отбасымда, жүрген ортамда, есте қаларлық қандай жаңалықтарды қалдырдық деп ойлайтыны белгілі.

2024 жылда есте қаларлық жаңалықтар баршылық. Ел халқымыз, отанымыз аман, тұрмысы қанағаттандырарлық жағдайда.

Аллаға мыңда бір шүкір деймін. Республика, облыс қала емес, аудан орталығы - Әйтеке би кентінде көптеген жаңалықтар болды.

Екі қаланың арасының қосылуы, ескі көпірлердің жаңартылуы, жолдардың кеңейтіліп салынуы, заманауи әсем ғимараттардың бойкөтеруі, парктармен аландардың, жаяу жүргіншілердің жолдарының салынуы көңіл қуантады.

Ал, тұрмысы төмен отбасылармен үйге мұқтаждарға заманауи түрде салынып беріліп жатырған пәтерлер ше. Өткен жылы 50 отбасыға, ал биыл 148 отбасы пәтер алып қуанышқа бөленді. 10 адам қызмет ететін «Жанқожа батыр» мешітінен екі қызметкеріміз пәтер алып қоныс тойын тойлағанының куәсі болдық. Пәтер болғанда қандай суы, жуынатын бөлмелері, асхана, әжетханалары және суық, жылы суларымен жылу, жарықпен 100 пайыз

қамтылғанын көрдік.

Әйтеке би бабамыздың 380, Жанқожа батырдың 250 жылдығы үлкен масштабта өтулерінің өзі үлкен аудан тарихына жазылатын өнегелі іс шаралар.

Бабамыздың тойына бастан аяқ қатыстық. Баба медалін кеудемізге тақтық. Естелік кітаптарын да алдық. Бұл не деген білген адамға үлкен көрсетілген құрмет. Осының бәрі аудан әкімдігінен бастап елін ерекше сүйген азаматтардың ерен еңбектері екенін түсінеміз. Алла Тағала оларға разы болғай демекпіз. Екінші мен қызмет етіп жүрген «Жанқожа батыр» мешітінде күмбезі көкпен таласқан мешіт күмбездерімен мұнарасын және мешіт төбесі қапталды. Діни қарилар дайындайтын медреседе солай. Діни дәріс алушылардың санында есеп жоқ. Тіпті Атырау, Қордай, Байқоңырдан да келіп медреседен дәріс алушылар бар. Иmandылық үйіне келушілер дәрет алатын, жуынатын (душ) орындар жаңадан безендіріліп жаңартылуда. Құлшылық етушілерге барлық жағдайлар жасалған. Айта берсек көзге, елене беретін сауапты да ізгі амалдар жасалынып ақ жатыр. Бұл жөнінде 29 жастағы жас және бас имамымыз Нұрдаулет Асқарұлы мен



қатар мешіт қызметкерлері: Марғұлан, Алмат, Ізбасар, Жасұлан, Серік, Дәріжан, Зәуре, Өмірбек, Исмайл қари, Алмагүл, Бақытгүл, Жадыра, Айда есімді бауырларымыздың ерен еңбектерін паш етуге тұрарлық.

Ал өзімнің бозбала шағымнан бауыр басқан «Тұран-Қазалы» газетіне келсем жыл ішінде менің әртүрлі тақырыпқа жазылған 17 мақалам жарияланды. Бұл ұжымда Нұрбол, Раушанбек, Жұлдызай, Ұлпан, Фариза, Айнагүл, Темірғали есімді бауырларымыздың сауатты да

жан-жақтылыққа бейімделе білген қызметтеріне ризамыз. Бұл газетте жыл ішінде менің өмір жолым жайлы «Мен білетін Беганыш», «Дінге бет бұрған азамат» тақырыбымен екі көлемді мақала да жарияланды.

Аудан әкімінің сыйлығын, аудан бас имамының қаржылай сыйлығын, облыстық полиция департаменті бастығының сыйлығын және бір медаль алу мәртебесіне ие болдым. Бұрынғы қызмет еткен пагонды әріптестеріммен де байланысымыз, сыйластығымыз отставкаға шыққаным 29 жыл болса да үзілген жоқ. Жақында суретімізді аудандық полиция бөлімінің екінші қабатындағы қабырғасына және бөлімдегі ардагерлер бөлмесіндегі «Ұлағатты ұстаздар» бұрышына іліп қойғанын көріп сүйсіндік.

Өткен Ұлу жылына әуелі Алла, ризамыз. Айта берсек жағымды жаңалықтар өте көп. Ұлу жылына ризашылығымды білдіре отырып, Алла Тағала жаңа жылда елімізге тыныштық, адамзат баласына иман байлығын нәсіп етіп, жаңа түсі де, аты да суық жылан жылында да аман болайық ағайын!

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Аудандық орталық
«Жанқожа батыр»
мешітінің
баспасөз хатшысы

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Құрметті жерлестер! Жаңа- 2025 жыл тілектеріңіз қабыл болып, үлкен жетістіктерге жете беріңіздер. Жаңа жыл елімізге бейбітшілік нұрын сыйласын. Шаңырақтарыңызға ырыс-береке, мемлекетімізде тыныштық пен келісім болсын. Сіздерге зор денсаулық, жарқын болашаққа сенімділік тілеймін, үміттеріңіз бен тілектеріңіз орындалып, барлық істеріңіз сәтті нәтижелер берсін. Жаңа жыл игі жақсылықтарымен, мол қуаныштарымен әрбіріміздің төрімізден орын алсын!

Аралбай МӘМБЕТЖАНОВ,
«Құрмет» орден иегері,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы,
Қазақстан
Журналистер
Одағының мүшесі

НЕСІБЕ ӘКЕЛЕР ЖЫЛ БОЛСЫН!

Санаулы күндерден кейін, тарих беттерінде қуанышы мен қиыншылығы халықтың есінде қалған, ұлу жылымен қоштасатын сәтте таяп қалды. Ғұлама шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы он бесінші ғасырда жазған «Шипагерлік баян» кітабында жыл атауларына өз сипаттамасын берген екен. «Сумақы — тышқан. Маңғаз — сиыр. Айбар — барыс. Секем — қоян. Сумаң — жылан. Тұлпар — жылқы. Иіртек — ұлу. Шопан — қой. Мешін — мешін. Айтақ — ит. Шақырауық — тауық. Қорысқы — доңыз» деп жазыпты. Зерттеушілердің айтуынша, ежелгі көшпенділер хайуандық күнтізбені қытайлардан қабылдап алған көрінеді. Алайда бұл күнтізбе толығымен көшірілмеген, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, Қытайда Маймыл жылы, көшпенділерде Мешін жылы деп аталады. Ал Айдаһар жылының Ұлуға айналуы туралы екі болжам бар екен. Қай уақытта да ауа райына тәуелді көшпенділер көбіне жазы қуаңшылықпен, қысы жұтпен есте қалған Қоян жылынан кейінгі жылға жауын-шашын мол болсын деген ырыммен сулы жерде өмір сүретін ұлудың атын берсе керек. Екінші болжам бойынша айдаһар қытай тілінде «лүн» деп аталады екен. Ұлу жылы ақпан айы 29-ымен аяқталды. Яғни,

кібісе жылы. Бір қызығы, ұлу жылы ылғи дәл осы кібісе жылымен жиі сәйкес келетін көрінеді. Кібісе жылы төрт жыл сайын бір айналып келеді. Басқа жылдарда 365 күн болса, кібісе жылында 366 күн бар. Осылайша, артық бір күн қыс пен көктемнің түйіскен тұсында қосылады. Бірқатар деректерге сүйенсек, кібісе жылы ежелгі Мысырда пайда болған деседі. Мысырдың е с е п ш і - ғ а л ы м д а р ы (жұлдызшылары) әр жылдарды зерттей отырып, әр жылдың 365 күннен тұратынын санаған екен. Қазіргі қолданыстағы күнтізбе де — сондай санақтың нәтижесі. Сол санақ бойынша ғалымдар күн мен түннің теңелу уақытының арасын жыл деп атаған. Жылды төрт мезгілге жіктеп, әр үш жылдың 365 күнге аяқталатынын, осы үш жылдан соң бір күннің артық шығатынын есептеп, төртінші жылды 366 күнге толлатынын шығарған. «Кібісе жыл» (високос) осыдан шығып отыр. Ежелгі жұлдыз-шылардың бұндай есептеулері ғылыми тұжырымдармен де сәйкескен, яғни төрт жылда бір рет тәулік санының артық болатынын ғалымдар да мойын-даған. Халық арасында кібісе жылына қатысты алуан пікір, түрлі наным-сенім мен ырымдар бар. Тіпті кейбіреулер осы

жылдың қиын-қыстауға толы болатынын сәуегейлейді. Алайда өткен кезеңдер кібісе жылының Қазақ еліне жайсыз емес екенін, керісінше ерекше орын алып жататынын байқауға болады. Келер жылан жылынан күтер үміт көп. Өмірдің өзі ақ пен қарадан тұратындай өтіп бара жатқан жыл қиыншылықты алып кетіп, тек жақсылығымен келсін. Жер шарында 7 млрд-тан астам халық, жаңа парақ беттерін ашқалы отырғанымыз бәрімізге анық. Олай болса, жылан жылы, елімізге үлкен несібе, ырысымен келсін деп тілеймін. Жылан жылына халқымыз сескене қарайтын, біреулер қасиет санайтын жыланға тиесілі жыл да босағамыздан шамалы күннен соң аттайды. Шығыс күнтізбесі бойынша ағымдағы Жаңа жыл ақпан айының 10-ы күні кірсе, түркі тектес елдерде Наурыздың 21-інде бірақ келеді. Халқымыздың нанымына сенсек, жылан жылы сабырлы болу керек деп айтылады. Шама-сы, алдағы жылы өзгеріс көп болатын іспетті. Себебі жылан жылының қайсысын алсаңыз да, белгілі бір оқиғаларсыз өтпеген. Дегенмен бәрі тек жақсылыққа болсын, жыландай айбатты сабырлылық берсін халқыма!

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА



ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!!!

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы.

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, жалпы әлсіздік, көзі жасурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі- тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жастан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және медицина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде маска тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалауды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Өздеріңізге жақын адамдарға қауіп тудырмаңыз. Ауырып тұрсаңыздар балалары, екіқабат әйелдері, қарт кісілері бар үйлерге, көпшілік жиналатын орындарға бармауға тырысыңыз.

Сырқаттанушылықтың көтерілу кезеңінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарына, мектептерге, мектеп интернаттарына тұмаумен ауырған балалар мен қызметкерлері арасында бақылауды күшейтіп, оқшаулауы және балабақшаларда таңертеңгілік балалардың мұрын – жұтқыншақ аймағын қарап, дене қызуын өлшеу, ауырған балалар мен ересектерді дереу оқшаулауды қамтамасыз ету, ойын-сауық және көпшілік іс шараларды шектеу, сынып бөлмелерін әр сабақтан кейін желдету және күнделікті ылғалды тазалық жұмыстарының сапасын және жиілігін арттыруы қадағалануы тиіс.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде үйде қалып, дереу дәрігер шақыртыңыз.

Гүлзат ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҮШІН ЖАЗА ҚАТАҢ!

Мал ұрлығы бүгінгі күннің өзекті әрі қоғамдық мәселесіне айналып отыр.

«Мал баққанға бітеді», «Мал-жаның аман ба?» деп айтатын қазақ халқы үшін мал – отбасын асырау көзі. Алайда өзгенің ақ адал еңбегі, маңдай терімен жинаған малына сұқ көзін қадап, оңай олжаға кешелушілер саны да толастар емес.

Мал ұрлығы мемлекеттік деңгейде көтеріліп, елімізде мал ұрлығына қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қолданылуда.

2019 жылдың 27 желтоқсанынан бастап ел Президенті мал ұрлығына қатысты жауапкершілікті күшейту қажеттігіне басты назар аударған болатын. Қазіргі таңда Қылмыстық кодексте «мал ұрлығы үшін жауаптылықты көздейтін арнайы бап енгізілді.

Яғни, мал ұрлығы - ірі мөлшерде; алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен; бірнеше рет; тұрғын үй-жайдың, мал қораның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалса, олар ауыр санатқа жатқызылады.

2024 жылдың өткен мерзімінде 10 (8-2023ж) мал ұрлығы тіркеліп, оның 6 (3-2023ж) сотқа жолданса, қалған 4 (5-2023ж) құрамы болмауына байланысты тоқтатылған.

Дегенмен, соталушы жазасын жеңілдету мақсатында жәбірленушімен бітімгершілікке келуі арқылы қылмыстық іс тоқтатылмайды.

Мысалға, 12 тамыз 2024 жылы Қазалы аудандық сотының үкімімен сотталушылар «Б,С,А» ағымдағы жылдың қаңтар және ақпан айларында адамдар тобымен алдын ала сөз байласып, яғни Қылмыстық кодексінің, 188-1-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарымен кінәлі деп танылып,

3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған.

Қазалы ауданының прокуратурасының бастамасымен полиция қызметкерлері мал ұрлығы қылмысының алдын-алу мақсатында, аудан тұрғындарымен түсінік жұмыстарын жүргізіп (фермерлік шаруашылықтардың басшыларымен кездесулер ұйымдастырып, сондай-ақ, халықты малдардың, мойнына жарық шағылыстырғыш ленталарды байлау қажеттілігі туралы хабардар етті), түнгі уақытта рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ата бабаларымыз «Сақтықта қорлық жоқ» - дегендей, бұл мәселе аудан тұрғындарының және мал иелерінің де назарында болып, төрт түлік малды сақтап қалу мақсатында сақтық шараларын жүргізу қажет.

Қазақ қашаннан несібесін малмен айырған халық. Ризығы мен азығын өрістегі малдан айыратын ауыл тұрғындары төрт түлік малына жауапкершілікпен қарайтын уақыт келді.

Атап айтқанда, үй малын жайылымнан кейін уақытында қарсылап алу керек, ұрлықты тыю үшін қораларды соңғы үлгідегі техникамен жабдықтау қажет, үй малын таңбалап, белгі қою міндетке айналу тиіс, қораларға сенімді тиектерді, құлыпты орнату жөн. Малды кемелетке толмағандардың қамқорлығына немесе ұзақ уақытқа қараусыз қалдыруға болмайды.

Аталған шаралар кешені азаматтардың тыныштығы және малдарының сақталуына кепілдік береді деген сенімдеміз.

Дарын ӘБІШ,
Қазалы ауданының
прокуроры,
аға әділет кеңесшісі

ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҚСЫЛЫҒЫМЕН КЕЛСІН!

Жаңа жыл барша әлем асыға күтетін ерекше, ғажайыпқа толы мереке. Жаңа жыл мерекесін әрбір адам жақындарының жанында өткізуге тырысады. Халық арасында «Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, жыл солай жалғасын табады» деген сенім де қалыптасқан. Жаңа жыл әртүрлі сыйлықтармен, көздің жауын аларлық шыршамен ерекшеленеді. Мерекеді көңілді кештер өткізіліп, отшашулар атылады.

Жаңа жыл-жыл бастауы. Негізі қазақ халқы ежелден жаңа жылды Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесінде атап өткен. Бірақ, қазіргі уақытта елімізде Григорян күнтізбесіне сәйкес 1 қаңтар күніне тұспа-тұс келетін Жаңа жыл мерекесі де қоса тойланады. Еліміз көпұлтты, зайырлы мемлекет болғалы Жаңа жыл мерекесін

үлкен көлемде атап өтіп келеді. Жаңа жыл қарсаңында көптеген жұмыс орындары өткен жылды қортындылап, келер жылға жаңа үмітпен қадам басады. Атқарылған жұмыстармен бөлісіп, алға қойған мақсаттарын айқындайды.

Айта кетейік, биылғы жыл ауданымыз үшін ерекше жаңалықтар мен айтулы мерекелерге толы жыл болды. Көптеген көпбалалы жанұялар баспанаға ие болып, ауданымыз үздіктер қатарынан көріне білді. Келер жылдан күтер үмітіміз зор. Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін асыға күтетін Жаңа жыл мерекесі әрбір жанұяға жақсылығымен келсін! Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп!

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

(Газетіміздің келесі саны 5 қаңтар, жексенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.